Шығыс Қазақстан облысы
Тарбағатай аудандық
мәслихаты
төрағасының
Ө К І М І

Р А С П О Р Я Ж Е Н И Е
Председателя
Тарбагатайского районного
маслихата Восточно-
Казахстанской области

Ақжар ауылы

№ 2 «22» қаңтар 2026 ж.

Бір көзден келісімшарт
жасасу туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бабы 3 тармағы 28) тармақшасына және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 21-3 бабының 3 тармағына сәйкес, **ӨКІМ ҚАБЫЛДАЙМЫН**:

1. «Тарбағатай аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін қайта даярлау курстарынан және біліктілігін арттыру семинарларынан өткізу мақсатта Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалымен бір көзден келісімшарт жасау жүргізілсін.

2. Осы өкімнің орындалуы мен заңдылықтарының сақталуын қадағалау статист-есепші А.Смагуловаға жүктелсін.

Тарбағатай аудандық
мәслихатының төрағасы **О.Канагатов**